



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Сенатының
депутаттарына
(тізім бойынша)**

2023 жылғы 13 қаңтардағы № 16-13-62Д/С хатқа

Құрметті депутаттар!

Мұнай өнімдері нарығының мәселелері бойынша депутаттық сауалды қарап, мынаны хабарлаймыз.

Бүгінгі таңда дизель отынының бағасына көрші елдермен айтарлықтай диспаратеті байқалады. Мысалы, Қазақстанда орташа баға 235-250 теңге/литр, ал Ресейде 370-380 теңге/литр, Өзбекстанда 515-520 теңге/литр, Қырғызстанда 400-410 теңге/литр құрайды.

Көрсетілген баға айырмасы мұнай өнімдерін шекара маңындағы елдерге әкетілуіне алып келді және ішкі нарықтағы маусымдық отын тапшылығының факторларының бірі болып табылады.

Осыған байланысты Үкімет ішкі нарықты қамтамасыз ету және жанар жағар май экспортының заңсыз схемаларын жою жөнінде жүйелі шаралар қабылдауда.

Мәселен, бүгінде ел аумағынан мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін автокөлікпен алып шығуға тыйым салынды.

Сондай-ақ ресурс ұстаушылардың отынды өткізуін бақылау күшейтілді және «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ мен «Petrosun» ЖШС-ның мұнай өнімдерін ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге, жанармай құю станциялары бөлшек сауда желілеріне және коммуналдық кәсіпорындарға басымдықпен бөлуі белгіленді.

Ағымдағы жылдың бірінші тоқсанында жергілікті атқарушы органдардың электрондық базасында өңірлік жанармай құю станциялары желілерімен бірлесіп мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін есепке алу жүйесі іске қосылады, бұл жанар жағар май өткізуді толық бақылауға мүмкіндік береді.

Тұтастай алғанда мұнай өндеудің экономикалық тартымдылығын қамтамасыз ету және мұнай өнімдерінің жетіспеушілігі проблемасын жүйелі

шешу үшін жанар-жағармайға нарықтық баға белгілеуге жоспарлы көшу мәселесі пысықталуда.

Ұзақ мерзімді перспективада ішкі нарықтағы тұтынудың өсіп келе жатқанын қамтамасыз ету мақсатында ірі мұнай өндіру зауыттарының мұнай өнімдерін өндіруді ұлғайту жоспарлануда.

Айтарлық, Шымкент мұнай өндеу зауытының өндірістік қуатын 9-12 млн тоннаға дейін кеңейту жоспарланған (*қазіргі қуаты – 6 млн тонна*). Қазіргі уақытта жобаның алдын ала техникалық-экономикалық негіздемесі аяқталу сатысында. Жобаны іске асыру мерзімі 2029 жылға қарай күтілуде.

Сондай-ақ Павлодар мұнай химия зауытында сұйытылған көмірсутекті газды депарафинизациялау және тазарту блогын интеграциялай отырып, гидротазарту қондырғысын реконструкциялау жобалары іске асырылуда, бұл өз кезегінде 2025 жылдан бастап мұнай өндеу қуатын жылына 600 мың тоннаға (*5,5 млн тоннадан 6,1 млн тоннаға дейін*) қосымша ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Жалпы ішкі нарықты мұнай өнімдерімен қамтамасыз ету мәселесі Үкіметтің ерекше бақылауында.

Ә. Смайылов

*Орын: Д.Мергенбаев
Тел: 74-58-09*

Тізім:

Б. Байахметов
Б. Орынбеков
Н. Бекенов